



Банкаралық мобильді төлемдер жүйесінің жұмыс істеу қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2026 жылғы 29 сәуірдегі № 43 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2026 жылғы 30 сәуірде № 38623 болып тіркелді

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы қаулы 19.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі.

"Төлемдер және төлем жүйелері туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 4-1-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Банкаралық мобильді төлемдер жүйесінің жұмыс істеу қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Төлем жүйелері және цифрлық қаржы технологиялары департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Заң департаментімен бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;

3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Заң департаментіне осы тармақтың 2) тармақшасында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Төрағасының жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы 2026 жылғы 19 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

*Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкінің Төрағасы*

Т. Сулейменов

Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкі Басқармасының
2026 жылғы 29 сәуірдегі
№ 43 қаулысымен бекітілді

Банкаралық мобильді төлемдер жүйесінің жұмыс істеу қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Банкаралық мобильді төлемдер жүйесінің жұмыс істеу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Төлемдер және төлем жүйелері туралы" Қазақстан Республикасы

Заңының (бұдан әрі – Төлемдер және төлем жүйелері туралы заң) 5-бабының 4-1-тармағына сәйкес әзірленді және онда банкаралық мобильді төлемдер жүйесіне (бұдан әрі – жүйе) қатысу шарттарын, жүйеде көрсетілетін қызметтерді, жүйе қызметтеріне тарифтерді, сондай-ақ оларды жүйеге қатысушылармен келісу тәртібін айқындауды қоса алғанда, жүйенің жұмыс істеу тәртібі айқындалады.

2. Жүйеде клиринг нәтижелері бойынша ақша аудару банкаралық ақша аудару жүйесінде (бұдан әрі – БААЖ) оның қатысушыларының ақшасын пайдалану арқылы жүзеге асырылады.

3. Қағидаларда Төлемдер және төлем жүйелері туралы заңда көзделген ұғымдар, сондай-ақ мына ұғымдар пайдаланылады:

1) жүйе – өз қатысушыларының клиенттері арасында мобильді қосымшалар арқылы, оның ішінде штрих-кодты, биометриялық аутентификациялау құралдарын пайдалана отырып, төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын жүзеге асыруға арналған төлем жүйесі;

2) жүйе операторы (бұдан әрі – Оператор) – Ұлттық цифрлық қаржы инфрақұрылымын басқару жөніндегі ұлттық орталық болып табылатын "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Ұлттық төлем корпорациясы" акционерлік қоғамы;

3) жүйенің бағдарламалық-техникалық кешені – жүйенің жұмысын қамтамасыз ететін, цифрлық жүйені, жүйе серверін және терминалын, коммуникация (деректерді беру) құралдарын қамтитын техникалық, бағдарламалық немесе басқа да құралдар;

4) жүйенің бағдарламалық-техникалық кешенінің негізгі орталығы (бұдан әрі – негізгі орталық) – жүйенің жұмысын қалыпты (күнделікті) режимде қамтамасыз ететін жүйенің бағдарламалық-техникалық кешені;

5) жүйенің бағдарламалық-техникалық кешенінің резервтік орталығы (бұдан әрі – резервтік орталық) – стандартты емес жағдайлар туындаған немесе негізгі орталықта жоспарлы жұмыстар жүргізілген кезде жүйенің жұмысын қамтамасыз ететін оның резервтік бағдарламалық-техникалық кешені;

6) жүйенің операциялық күні (бұдан әрі – операциялық күн) – Оператор төлемдерді және ақша аударымдарын қабылдауды және өңдеуді жүзеге асыратын уақыт кезеңі;

7) қатысушы – Оператормен жүйеге қатысу туралы шартты (бұдан әрі – шарт) жасасқан екінші деңгейдегі банк, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым, Ұлттық пошта операторы;

8) қатысушы-ақша жөнелтуші – жүйеде позициясынан ақша аударылатын (есептен шығарылатын) қатысушы;

9) қатысушы-бенефициар – жүйеде позициясына ақша аударылатын қатысушы;

10) қатысушының клиенті (бұдан әрі – клиент) – қатысушымен банктік қызметтер көрсетуге шарт жасасқан жеке тұлға немесе заңды тұлға;

11) операциялық өзара іс-қимыл регламенті (бұдан әрі – операциялық құжаттама) – Оператордың операциялық, технологиялық және ұйымдастырушылық талаптарды,

стандарттарды, алмасу рәсімдерін, хабар форматтарын, бірдейлендіру және өзара іс-қимыл тәртібін, қатысушылардың жүйеде клиенттерге қызмет көрсету талаптарын, сондай-ақ даулы жағдайларды қарау тәртібін айқындайтын құжаттарының жиынтығы;

12) өтініш беруші – жүйеге қатысуға өтінім берген банк операцияларын жүзеге асыруға лицензиясы бар заңды тұлға (екінші деңгейдегі банк, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым, Ұлттық пошта операторы);

13) электрондық ақпараттық хабар (бұдан әрі – ақпараттық хабар) – электрондық цифрлық қолтаңбасы бар, төлем хабарына жатпайтын және ақпараттық сипаты бар электрондық хабар, оның ішінде үзінді-көшірмелер;

14) электрондық төлем хабары (бұдан әрі – төлем хабары) – қатысушылар арасында төлемдер және ақша аударымдарын жүзеге асыруға негіз болатын, электрондық цифрлық қолтаңбасы бар электрондық хабар;

15) QR код – төлемге қатысушы туралы ақпаратты қамтитын штрих-код (Quick Response Code).

2-тарау. Жүйеге қатысу шарттары

4. Оператормен шарт жасасу және БААЖ-ға қатысу жүйеге қатысу шарттары болып табылады.

5. Жүйеге қатысу үшін өтініш беруші Оператордың порталы арқылы автоматтандырылған түрде өтінім береді және Қағидалардың 6-тармағында көрсетілген құжаттарды ұсынады.

Жүйеге кіруді қамтамасыз ететін Оператор порталы <https://cabinet.npsk.kz> мекенжайы бойынша орналасқан.

6. Шарт жасасу үшін өтініш беруші Операторға мынадай құжаттарды:

- 1) жарғы көшірмесін;
- 2) заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің (анықтаманың) көшірмесін;
- 3) қосылған құн салығы бойынша есепке қою туралы куәліктің көшірмесін;
- 4) бірінші басшыны тағайындау туралы құжаттың көшірмесін;
- 5) банк операцияларын жүзеге асыруға арналған лицензияның көшірмесін;
- 6) өтініш берушінің орналасқан жері мен байланыс деректері туралы ақпаратты (заңды және нақты мекенжайы, байланыс телефондары, электрондық пошта мекенжайы) ;

7) өтініш берушінің атынан жүйемен өзара іс-қимылды жүзеге асыруға уәкілеттік берілген қызметкерлері туралы ақпаратты (тегін, атын, әкесінің атын (ол болған жағдайда), байланыс телефонын, электрондық пошта мекенжайын көрсете отырып);

8) өтініш беруші өкілінің Оператормен шартқа қол қою өкілеттігін растайтын құжатты (шартқа өтініш берушінің бірінші басшысы қол қоймаған жағдайда);

9) Қағидалардың 5-тармағында көрсетілген Оператордың порталында орналастырылған нысан бойынша Қағидалармен, операциялық құжаттамамен танысу және оны сақтау туралы өтінішті ұсынады.

7. Оператор 3 (үш) жұмыс күні ішінде Қағидалардың 6-тармағында көрсетілген өтініш берушінің құжаттар топтамасын қарайды.

8. Өтініш беруші Қағидалардың, операциялық құжаттаманың талаптарына сәйкес келген жағдайда, Оператор қатысушымен шарт жасасады.

Шартта мына талаптар:

- 1) шарттың мәні;
- 2) тараптардың құқықтары мен міндеттері;
- 3) тараптардың жауапкершілігі;
- 4) шартты өзгерту және бұзу тәртібі;
- 5) дауларды шешу тәртібі;
- 6) тараптардың келісуі бойынша басқа талаптар қамтылады.

9. Шартта қосымша Оператордың көрсетілетін қызметтеріне ақы төлеу, киберқауіпсіздік режимін, жасырындылықты сақтау, банктік құпияны және заңмен қорғалатын өзге де құпияны сақтау, дербес деректерді қорғау тәртібі қамтылады.

Үлгі шарттың нысанын Оператор бекітеді.

10. Оператор қатысушы қажетті техникалық жұмыстарды аяқтағаннан кейін және Оператормен сынақты өткізгеннен кейін қатысушыны жүйеге қосады. Жүйеге қосылуды сынақтан өткізу нәтижелері бойынша Оператор мен қатысушы сынақтан өткені туралы актіге қол қояды.

3-тарау. Жүйеде Оператор мен жүйеге қатысушылар көрсететін қызметтер

11. Жүйенің жұмыс істеуі аясында Оператор қатысушыларға мынадай:

1) операциялық құжаттама талаптарына сәйкес төлем және ақпараттық хабарларды қабылдау, өңдеу және жіберу және олардың негізінде ақша аудару;

2) жүйеде жүргізілген электрондық төлемдер клирингі, қатысушылардың таза позициялары туралы ақпаратты дайындау және жіберу;

3) жүйеде жүргізілген клиринг нәтижелері бойынша қатысушылардың таза позициялары сомасын БААЖ-ға аудару;

4) жүйенің Қағидаларда көзделген және Төлемдер мен төлем жүйелері туралы заңда айқындалған операциялық және технологиялық функцияларын орындау;

5) операциялық күн жабылған кезде соңғы үзінді-көшірмелерді беру және қатысушылардың сұратуы бойынша шоттың ағымдағы жай-күйі жөнінде үзінді-көшірмелер беру;

6) жүйеде қатысушылар анықтамалығын жүргізу қызметтерін көрсетеді.

12. Оператор мына:

1) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген негіздер бойынша қатысушының Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде (бұдан әрі – Ұлттық Банк) ашылған корреспонденттік шоты бойынша оның шығыс операцияларын тоқтата тұрған;

2) қатысушы Қағидалардың, шарттың, операциялық құжаттаманың талаптарын бұзған;

3) Ұлттық Банк Операторға қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеуді, бақылауды және қадағалауды жүзеге асыратын уәкілетті органның банк операцияларын жүргізуге арналған лицензияны тоқтата тұрғаны және/немесе одан айырғаны туралы жазбаша хабарлаған;

4) сот қатысушының қызметін тоқтату туралы шешім қабылдаған жағдайларда жүйеде қатысушыға қызметтер көрсетуді тоқтата тұрады.

13. Жүйеге қатысу Қағидалардың 12-тармағында көрсетілген себептер жойылған жағдайда қайта басталады.

14. Жүйенің мынадай сервистері қатысушылардың клиенттерге көрсетуі үшін міндетті болып табылады:

1) оңайлатылған сәйкестендіргіштер бойынша төлем және (немесе) ақша аударымы операцияларын жүргізу (бұдан әрі – оңайлатылған сәйкестендіргіш бойынша аударым);

2) QR-кодты пайдалана отырып мобильді төлемдерді жүзеге асыру (бұдан әрі – QR-код бойынша төлем).

15. Жүйеде қызметтер көрсету үшін қатысушылар мынадай функцияларды жүзеге асырады:

1) клиенттердің нұсқауларына сәйкес төлем хабарларын қалыптастыру және Операторға жіберу;

2) жүйедегі өз позициясының жай-күйіне, оның ішінде сұрату жіберу және Оператордан үзінді-көшірмелер алу арқылы мониторинг жүргізу;

3) клиенттердің жүйе сервистеріне тәулік бойы қол жеткізуін қамтамасыз ету.

4-тарау. Жүйенің жұмыс істеуі тәртібі

1-параграф. Жүйеде қызметтер көрсету тәртібі

16. Жүйеде клиенттердің нұсқаулары және қатысушылардың төлем хабарлары негізінде төлемдер және (немесе) ақша аударымдары жүзеге асырылады.

17. Жүйедегі төлемдер және ақша аударымдары Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында жүзеге асырылады.

18. Операциялық күн 24 (жиырма төрт) сағатқа тең, оның кестесін Оператор Қағидаларға қосымшаға сәйкес бекітеді.

19. Операциялық күн жабылғаннан кейін Оператор алған төлем немесе ақпараттық хабарлар келесі операциялық күні алынған болып саналады.

20. Оператор белгілеген қауіпсіздік рәсімдеріне сәйкес қатысушылар мен Оператор электрондық хабарлармен алмасады.

21. Оператор қауіпсіздік рәсімдері бекітілгеннен кейін 15 (он бес) жұмыс күні ішінде оларды Оператордың ресми Интернет-ресурсында жариялау арқылы қатысушыларға жібереді.

22. Жүйе мынадай:

қатысушылардың қорғалған байланыс арналары арқылы Оператормен өзара іс-қимылы;

қатысушылардың төлем хабарларын тәулік бойы режимінде қабылдау және өңдеу;

төлем хабарында тек бір қатысушы-ақша жөнелтуші мен бір қатысушы-бенефициарды ғана көрсету;

төлем хабарларын өңдеу артықшылықтарының болмауы;

төлем хабарларын нақты уақыт режимінде қабылдау және өңдеу;

Оператор электрондық төлемдерді орындауға қабылдағаннан кейін олардың түпкілікті болуы және кері қайтарып алынбауы;

электрондық төлемдерді клиринг негізінде өңдеу;

қатысушының ең жоғары дебеттік таза позициясына шектеулер қолдану;

бір төлемнің және (немесе) ақша аударымының ең жоғары сомасын шектеу қағидаттары негізінде жұмыс істейді.

23. Оператор төлем хабарын орындауға қабылдағаннан кейін ол кері қайтарып алынбайды және жүргізілген төлем және (немесе) ақша аударымы төлемді және (немесе) ақша аударымын жүзеге асыруға қатысушы тараптардың бастамасы бойынша жойылмайды.

24. Қатысушы-бенефициар Оператордан оның жүйедегі позициясына ақшаның есепке жатқызылғаны туралы ақпараттық хабар алғаннан кейін жүйедегі төлем және (немесе) ақша аударымы аяқталған (түпкілікті) болып есептеледі.

25. Қатысушылар мен Оператор арасында электрондық хабарларды қабылдау, өңдеу және жіберу мерзімдері операциялық құжаттама мен шартта белгіленеді.

26. Қатысушы-бенефициар клиентке лезде режимінде иелік етуі үшін ақшаның қолжетімді болуын қамтамасыз етеді. Қатысушы-бенефициар шартта және Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған тәртіппен және мерзімдерде клиенттің банктік шотына ақшаны есепке жатқызады.

27. Жүйеге қатысушылар арасындағы тарифтерді Ұлттық Банк жүйеге қатысушылармен келісім бойынша белгілейді.

28. Қатысушылар клиенттер үшін электрондық төлем құралдарын, мобильді қосымшаларды және (немесе) штрих-кодты пайдалана отырып, төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын қамтамасыз ететін басқа төлем жүйелерінде осы

қатысушылар ұсынатын ұқсас банкаралық көрсетілетін төлем қызметтеріне арналған тарифтерден аспайтын мөлшерде жүйеде операциялар жасауға арналған тарифтерді белгілейді.

2-параграф. Жүйеде оңайлатылған сәйкестендіргіш бойынша аударымды жүзеге асыру тәртібі

29. Қатысушы-ақша жөнелтуші клиенттің оңайлатылған сәйкестендіргіш бойынша ақша аударымын жасауға нұсқауын алған кезде мынадай іс-әрекеттерді жүзеге асырады :

- 1) ақша аударымын жасау үшін клиенттің банктік шотындағы ақшаның жеткіліктілігін тексереді;
- 2) операцияның Қазақстан Республикасының төлемдер және төлем жүйелері туралы заңнамасының талаптарына сәйкестігін тексереді;
- 3) ақпараттық хабарды қалыптастырып, Оператор арқылы қатысушы-бенефициарға жібереді.

30. Қатысушы-бенефициар ақпараттық хабар алған кезде оңайлатылған сәйкестендіргіш бойынша клиентті іздейді және іздеу нәтижелері бойынша Операторға ақпараттық хабар жібереді.

31. Клиентті оңайлатылған сәйкестендіргіш бойынша іздеу нәтижесі теріс болған жағдайда қатысушы-бенефициар операциядан бас тартады.

32. Оператор қатысушы-бенефициардан ақпараттық хабарды алғаннан кейін қатысушы-ақша жөнелтушіге ақша аудару немесе бас тарту себебін көрсете отырып, ақша аударудан бас тартуы туралы ақпараттық хабар жібереді.

33. Оператордан ақша аудару туралы ақпараттық хабар алғаннан кейін қатысушы-ақша жөнелтуші төлем хабарын қалыптастырып, оны Операторға жібереді.

34. Оператор төлем хабарының тұтастығы мен форматын, сондай-ақ жүйеде төлем хабарының ең жоғары сомасының сақталуын тексереді және қатысушы-бенефициарға төлем хабарын жібереді.

35. Ақша аудару туралы төлем хабарының негізінде қатысушы-бенефициар Қағидалардың талаптарына сәйкес клиентке ақшаның қолжетімді болуын қамтамасыз етеді және қатысушылар клиенттерге операция нәтижелері туралы хабарлама жібереді.

3-параграф. Жүйеде QR-код бойынша төлемді жүзеге асыру тәртібі

36. QR-код бойынша төлемдерді жүзеге асыру үшін қатысушылар:

- 1) жеке тұлға-клиенттерге қашықтан қол жеткізу жүйесінде операциялық құжаттамада айқындалған формат бойынша QR-кодты оқу мүмкіндігін;

2) төлем карточкаларын пайдалана отырып төлемдерді және (немесе) мобильді төлемдерді қабылдауға арналған жабдықта (құрылғыда) – операциялық құжаттамада айқындалған формат бойынша QR-кодты қалыптастыруды қамтамасыз етеді.

37. QR-код бойынша төлемдер төлем карточкаларын пайдалана отырып төлемдерді және (немесе) мобильді төлемдерді қабылдауға арналған жабдықта (құрылғыда) қатысушы-бенефициар қалыптастырған QR-кодты сканерлеу арқылы жүзеге асырылады.

38. Клиент QR-код бойынша төлемге бастама жасаған кезде қатысушы-ақша жөнелтуші операцияның Қазақстан Республикасының төлемдер және төлем жүйелері туралы заңнамасының талаптарына сәйкестігін, клиенттің банктік шотындағы ақшаның жеткіліктілігін тексереді, QR-кодтағы ақпарат бойынша қатысушы-бенефициарды сәйкестендіреді және клиенттің банктік шотына ақшаны есептеу үшін операциялық құжаттамаға сәйкес Оператормен ақпараттық және төлем хабарларын алмасуды жүзеге асырады.

39. QR-код бойынша төлем жүргізу үшін қатысушылар мен Оператор арасында ақпараттық және төлем хабарларымен алмасу, төлемді аяқтау және клиентке ақша аудару Қағидалардың 25 және 26-тармақтарына сәйкес жүзеге асырылады.

4-параграф. Оңайлатылған сәйкестендіргіш бойынша аударымды қайтару тәртібі

40. Оңайлатылған сәйкестендіргіш бойынша аударымды қайтару Оператор бұрын жүйеде оңайлатылған сәйкестендіргіш бойынша жүргізілген аударымға берген бірегей кодты пайдалана отырып, бенефициар-клиент ақшаны кері аударуға бастама жасау арқылы жүзеге асырылады.

41. Бенефициар-клиент аударымды оңайлатылған сәйкестендіргіш бойынша қайтаруға бастама жасаған кезде қатысушы-бенефициар операциялық құжаттамаға сәйкес Операторға төлем хабарын жібереді.

42. Ақша жөнелтуші-клиенттің бастамасы бойынша оңайлатылған сәйкестендіргіш бойынша аударымды қайтару оған қызмет көрсететін қатысушы-ақша жөнелтуші арқылы оңайлатылған сәйкестендіргіш бойынша аударымды жоюға сұрату жіберу арқылы жүзеге асырылады.

43. Қатысушы-ақша жөнелтуші Операторға оңайлатылған сәйкестендіргіш бойынша аударымның күшін жоюға сұрату туралы ақпараттық хабар жібереді.

44. Оператор қатысушы-ақша жөнелтушіден ақпараттық хабар алғаннан кейін операциялық құжаттамаға сәйкес қатысушы-бенефициармен ақпараттық және төлем хабарларымен алмасады.

45. Ақша жөнелтуші-клиенттің бастамасы бойынша оңайлатылған сәйкестендіргіш бойынша аударымды қайтаруға сұрату қатысушы-бенефициарға берілген бенефициардың келісімі негізінде жүзеге асырылады.

46. Оңайлатылған сәйкестендіргіш бойынша бұрын алынған аударымның толық сомасы қайтарылуға тиіс. Оңайлатылған сәйкестендіргіш бойынша аударымның сомасын ішінара қайтаруға жол берілмейді.

47. Клиенттердің бастамасы бойынша оңайлатылған сәйкестендіргіш бойынша аударымды қайтаруға бастама жасауға операциялық құжаттамада белгіленген уақыт кезеңі ішінде рұқсат етіледі.

48. Қатысушылар клиенттерге қайтару операциясын ол жіберілгенге дейін растау мүмкіндігін, сондай-ақ клиенттерге қайтару нәтижесі туралы хабарлауды қамтамасыз етеді.

Клиенттерге мобильді қосымшада операция нәтижелерін көрсету жөніндегі талаптар операциялық құжаттамада белгіленеді.

49. Қатысушы Қағидалардың 26-тармағына сәйкес клиентке ақша есептеуді қамтамасыз етеді.

5-параграф. Клиринг жүргізу тәртібі

50. Жүйенің операциялық күні аяқталғаннан кейін Оператор әрбір қатысушының таза позициясын белгілейді.

51. БААЖ-да ақшаны түпкілікті есептеу және қатысушылардың позициялары бойынша аудару "Банкаралық ақша аударымдары жүйесінің жұмыс істеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 31 тамыздағы № 201 қаулысымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14310 болып тіркелген) бекітілген Банкаралық ақша аударымдары жүйесінің жұмыс істеу қағидаларына сәйкес және Қағидаларға қосымшаға сәйкес операциялық күн кестесі бойынша жүзеге асырылады.

52. Оператор ақшаны түпкілікті есептеуді аяқтағаннан кейін қатысушыға жүйеде өңделген барлық төлем хабарлары туралы ақпаратты және клиринг нәтижелері бойынша қатысушының таза позициясы туралы ақпаратты қамтитын үзінді-көшірме түріндегі соңғы ақпараттық хабарды, сондай-ақ жүргізілмеген төлем хабарларының ведомосын және осы қатысушының пайдасына түскен және соңғы ақпараттық хабарда үзінді-көшірме түрінде көрсетілген барлық төлем хабарларын жібереді.

53. Егер жүйеде қатысушы позициясының жай-күйі туралы үзінді-көшірме түріндегі ақпараттық хабарда қатысушы Операторға берген төлем хабары туралы ақпарат болмаса, қатысушы бұл туралы Операторға хабарлайды және Оператормен бірлесіп келесі операциялық күннен кешіктірмей төлем хабарының жоғалу себебін анықтайды.

54. Электрондық хабарларды уақтылы алмаған немесе олар болмаған кезде қатысушы шартқа сәйкес Операторды хабардар етеді.

5-тарау. Киберқауіпсіздік шаралары

55. Оператор жүйеде жұмыс істеу үшін киберқауіпсіздік шараларын белгілейді, ақпаратты криптографиялық қорғаудың сертификатталған құралдарын, аккредиттелген куәландырушы орталықты және тіркеу куәліктерін пайдалану тәртібін айқындайды.

56. Тіркеу куәліктерін пайдалану тәртібін Оператордың куәландырушы орталығы белгілейді.

57. Жүйеде төлем және ақпараттық хабарлар электрондық тәсілмен беріледі және қабылданады.

58. Оператор және жүйеге қатысушылар 5 (бес) жыл бойы ақпараттың сақталуын қамтамасыз етеді және жіберілетін және алынатын төлемдер мен ақша аударымдарына мониторинг жүргізеді.

Оператор мен қатысушының ішкі цифрлық жүйелерінде Оператор мен қатысушы өңдеген барлық төлемдер және ақша аударымдарының аудиторлық ізі болады.

Осы тармақтың мақсаттары үшін аудиторлық із деп ақпараты жүйеде және жүйе қатысушыларында сақталатын, жүйедегі электрондық хабарларды өңдеу жөніндегі оқиғаларды жүйелі тіркеу түсініледі.

59. Оператордың төлем хабарларын өңдеуі кезінде оларды өзгертуге жол берілмейді

60. Оператор мен қатысушылар электрондық хабарлармен алмасу кезінде Оператор анықтаған және қатысушыларға ұсынатын ақпаратты криптографиялық қорғау құралын және тіркеу куәліктерін пайдаланады.

61. Оператор мен қатысушы электрондық хабарлардың жасырындылығын, тұтастығын, авторлығын және түпнұсқалығын растау үшін ақпаратты криптографиялық қорғау құралын қолданады.

62. Оператор мен қатысушылар жүйенің жасырындылығын қамтамасыз ету, ақпаратқа рұқсатсыз қол жеткізуден қорғау кепілдігі және ақпараттың бұзылуын болдырмау үшін ашық арналар арқылы сақталатын немесе берілетін ақпаратты шифрлайды.

63. Оператор жүйеде жұмыс істеу кезіндегі киберқауіпсіздік шараларын шартта белгіленген мерзімдерде қатысушылардың назарына оларды Оператордың ресми интернет-ресурсында жариялау арқылы жеткізеді.

6-тарау. Тәуекелдерді басқару жүйесі

64. Операциялық тәуекелді басқару үшін мына:

1) қатысушылардың жүйеде жұмысты қамтамасыз ететін ұйымдастыру шаралары мен бағдарламалық-техникалық құралдарға қойылатын талаптарды орындауын бақылауды жүзеге асыру;

2) Оператордың операциялық тәуекелді басқару жөніндегі ішкі құжаттарында айқындалған әдістерге сәйкес жүйенің бағдарламалық-техникалық кешенінің тұрақты мониторингін жүргізу және үздіксіз жұмысын қолдау;

3) жүйенің жұмысын тоқтатудың ықтимал сценарийлерін ескере отырып, жүйенің қызметін қалпына келтіру жоспарын өзекті күйде ұстау;

4) резервтік орталықтың жұмысқа қабілеттілігін қамтамасыз ету;

5) негізгі орталықта қалпына келтіруге жатпайтын жүйенің бағдарламалық-техникалық кешенінің жұмысында іркілістер немесе тоқтап қалулар болған кезде жүйенің жұмысын негізгі орталықтан резервтік орталыққа ауыстыру;

6) Оператордың ішкі бақылау жүйесінде көзделген бақылау шараларын қабылдау шаралары пайдаланылады.

Осы тармақтың мақсаттары үшін операциялық тәуекел деп цифрлық жүйелердегі, ішкі процестердегі кемшіліктермен немесе іркілістермен, адамның қателіктерімен, басқарудағы кемшіліктермен, заңнаманы сақтамаумен байланысты, оның ішінде сыртқы оқиғалардың салдарынан туындаған тәуекел түсініледі.

65. Киберқауіпсіздік тәуекелдерін басқару үшін жүйеде заңнамалық және реттеуші талаптарға, халықаралық және ұлттық стандарттардың талаптарына, сондай-ақ операциялық құжаттаманың талаптарына сәйкес ұйымдастырушылық және техникалық шаралар қолданылады.

66. Өтімділік тәуекелін, кредиттік және жүйелік тәуекелдерді басқару мақсатында жүйеде есеп айырысуларға кепілдік беру жүйесі қолданылады.

Осы тармақтың мақсаттары үшін өтімділік тәуекелі деп қатысушы-ақша жөнелтушінің ақша аудару жөніндегі өз міндеттемелерін толық көлемде уақтылы орындамау (орындамауының) мүмкіндігімен байланысты тәуекелі түсініледі.

Кредиттік тәуекел – контрагенттің (төлемге және (немесе) ақша аударымына қатысушының) өз міндеттемелерін толық көлемде уақтылы орындамауының (орындамауының) мүмкін болуына байланысты тәуекел.

Жүйелік тәуекел – бір немесе бірнеше қатысушының міндеттемелерін орындамауынан туындаған, бір немесе бірнеше қатысушының бір немесе бірнеше ақша аударымы бойынша міндеттемелерін орындамау тәуекелі.

67. Жүйеде алаяқтықтың алдын алу мақсатында жеке тұлғалар арасында 1 (бір) операцияның ең жоғары сомасына 1 000 000 (бір миллион) теңге мөлшерінде шектеу белгіленеді. Қатысушылар қатысушылардың ішкі құжаттарына сәйкес көрсетілген операциялардың жиілігі бойынша қосымша шектеулер белгілей алады.

Жүйеде QR-код бойынша төлемдер бойынша шектеулер жоқ.

7-тарау. Даулы жағдайларды шешу тәртібі

68. Даулы жағдай бойынша өтінішке қатысушы беру мерзімі клиент операция жасаған күннен бастап күнтізбелік 45 (қырық бес) күннен кешіктірмей жасалған

өткізілген тауарлар және (немесе) көрсетілген қызметтер үшін ақшаны қайтару жөніндегі өтінішті қоспағанда, оны клиент операция жасаған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей бастамашылық жасайды.

69. Қатысушылар клиенттердің операцияларды даулауына байланысты даулы жағдайларды Қағидалардың 5-тармағында көрсетілген Оператор порталында бір-бірімен өзара іс-қимыл жасау арқылы дербес шешеді.

70. Даулы жағдайлардың санаттары және оларды қарау шарттары операциялық құжаттамада белгіленеді.

71. Шағымдану мүмкіндігін ескере отырып, даулы жағдайды қараудың жалпы мерзімі күнтізбелік 30 (отыз) күннен аспауға тиіс.

72. Қатысушылар арасында даулы жағдай реттелмеген кезде қатысушылар Операторға өтініште даулы жағдайдың себебін көрсете отырып және растайтын құжаттарды қоса бере отырып жүгінеді.

Банкаралық мобильді төлемдер
жүйесінің жұмыс істеу
қағидаларына қосымша

Жүйенің операциялық күнінің графигі

№	Жұмыстардың атауы	Уақыты (Астана қ. уақыт белдеуі)	
		басталуы	жабылуы
1	Ағымдағы операциялық күнді жабу. Қатысушылардың таза позицияларын тіркеу. БААЖ-да есептеу үшін банкаралық клиринг жүйесінде нетто-позициялары бар хабарды беру (банкаралық ақша аударымдары жүйесінде ең жоғары ықтимал басымдығы бар төлем хабарламалары)	17:59:59 (Т күні)	
2	Жаңа операциялық күнді ашу	18:00:00	
3	Төлем және ақпараттық хабарларды қабылдау және өңдеу, ағымдағы таза позицияларды есептеу.	18:00	17:59:59 (Т+1 күні)
	Қатысушылардың БААЖ-дағы таза позицияларын есептеу. БААЖ-дағы демалыс немесе мереке күндердегі		

4	таза позицияларды есептеу демалыс немесе мереке күндерден кейінгі бірінші жұмыс күні орындалады.	18:30	19:00
5	Қатысушылар үшін түпкілікті үзінді-көшірмелер мен есептерді қалыптастыру және беру.	Ағымдағы операциялық күн жабылғаннан кейін және нетто-позициялармен хабар жібергеннен кейін (1-т.)	

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК